

«Күләш Байсейітова атындағы  
Қазақ ұлттық өнер университеті»  
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен  
**БЕКІТІЛДІ**

« 13 » *сепр* 2025 ж. № *13* хаттама  
Ғылыми кеңестің төрағасы

*Г.А. Ахмедьяров*



**6B02194 «АСПАПТЫҚ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ - ІШЕКТІ АСПАПТАР.- СКРИПКА» БІЛІМ БЕРУ.  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ**

✓ **БАКАЛАВРИАТ**

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шекті балл
«Скрипка»	6B02194 «Аспаптық орындаушылық - Ішекті аспаптар - Скрипка»	Қазақ Орыс	Арнайы мамандандырылған музыка мектебі/музыкалық колледж	Бар	75 грант және ақылы

**БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН**

**Мамандық**

Мамандық бойынша емтихан бағдарламаның күрделілік пен көлемі жағынан тиісті деңгейде болуын талап етеді, бағдарлама жатқа орындалады:

- 1) 3 немесе 4 октавалық гамма (штрихтердің сапалы деңгейде орындау - деташе, легато және олардың комбинациялары; мартле, штрих - Виотти, пунктирлі штрихтер тобы, штрих - Паганини, стаккато барлық түрлері, спикатто, штрих - Глазунов, рикошет, флажолеттер; сынған терциялар, хроматикалық гамма). Екі нотаны орындау: терциялар, сексталар, октавалар (4-8 легатомен). Арпеджио: үшдыбысты мен септаккордтардың барлық түрлері.
- 2) Полифония ( И.С.Бах, Ф.Телеман, М.Регер т.б.)

3) 1 этюд (Ж. Мазас, Р. Крейцер, Ш. Данкля - музыкалық колледждер үшін)

1 каприс (Г. Веньевский, Н. Паганини, А. Бьетан, Я. Донта, П. Роде – ҚазҰОУ колледжі, К. Байсеитова атындағы РҚМММИ мен А. Жұбанова атындағы РҚМММИ түлектері үшін)

4) Virtuozды шығарма

5) Ірі форма 1 немесе 2-3 бөлімдері

### **Коллоквиум**

Коллоквиум – музыкалық орындаушылық саласындағы білімдерді тексерудің ауызша формасы. Оқуға түсушінің жалпы мәдени деңгейі, эрудициясы анықталады. Коллоквиумда музыкалық-теориялық цикл пәндерінен немесе келесі сұрақтар қойылуы мүмкін:

1. Музыкалық колледж бағдарламасының музыкалық әдебиеті бойынша білімдер (Ю. Янкелевич «Педагогикалық мұра», «Иегуди Менухинмен 6 сабақ»)
2. Мәдениет және өнер саласындағы жалпы білімдер (мысалы: соңғы жылда елде өткен шаралар).
3. Музыкалық терминдерді білу.

### **ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН**

#### **Сольфеджио**

- Дауыстарының әуендері дамытылған, хроматизмдер мен I туыстық тональдіктерге ауытқулары бар ұзындығы 8-10 тактіге тең кезең формасындағы екі дауысты диктант.
- Жазылу уақыты – 25-30 минут, тыңдаулар саны – 10.

#### **Ауызша:**

- интервалдар мен аккордтарды (тональдікте және дыбыстан) әндету және естіп анықтау;
- төрт дауыста орындалатын бір тональді және модуляциялық музыкалық құрылымдарды естіп анықтау;
- түрлі метрикалық қиындақтары бар, альтерациялар мен хроматизмдерді қамтитын бір дауысты әуенді әндету.

#### **Гармония**

- Барлық диатоникалық аккордтарды, альтерацияланған субдоминанта, қос доминанта, ауытқулар мен модуляцияларды қамтитын әуендерді гармонизациялау.
- Жұмысты жазу уақыты – 2 академиялық сағат.

#### **Ауызша:**

- I-дәрежелі туыстас тональдіктеріне модуляцияларды төрт дауыстық фактурада, кезең формасында (аккордтық емес дыбыстарымен) ойнау;
- секвенция немесе аккордтық тізбекті (тональді немесе модуляциялық) ойнау;

- әртүрлі стильдегі шығармалардың үзінділеріне парақ бетінен гармониялық талдау;
- музыкалық шығармаларды талдау, гармония, элементарлы музыка теориясы курстарынан сұрақтар.

### **ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР**

– Колледж мемлекеттік емтихандарда орындалған бағдарламаны қайталауға болады ма?

– Иә, болады.

– Орта мектептен кейін, музыкалық білімім жоқ болса оқуға түсуге болады ма?

– Жоқ, болмайды.

– Коллоквиум қалай өтеді, билеттер бойынша ма?

– Жоқ, билеттер болмайды. «Педагогическое наследие Ю.Янкелевича», «6 уроков с Иегуди Менухиным» еңбектері бойынша еркін түрде комиссия сұрақтар қояды.

– Партита және сюита сияқты полифониялық циклдерді ойнауға болады ма?

– Иә, болады.

– Крейцер, Мазас этюдтерін ойнауға болады ма?

– Иә, мүмкін. Бірақ бұл музыкалық колледждерге арналған бағдарлама.

Ахмет Жұбанов, К.Байсейітова атындағы арнайы музыкалық мектептердің түлектері Н.Паганини, П.Роде, Я.Донта, А.Вьетан, Г.Венявскийдің капристерін орындау қажет.

– Концерт орындауға бола ма?

– Иә, 1 немесе 2-3 бөлімдерін

– Ал егер мен сольфеджиодан төмен баға алып, мамандықтан өте жақсы ойнасам оқуға түсуге мүмкіндігім бар ма?

– Ұпайлар екі емтиханнан жинақталып саналады. Сондықтан, барлық емтихан талаптарын жауапкершілікпен дайындауға кеңес береміз.

• Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші I шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері I шығармашылық емтихан	Бағалаудың балдық көрсеткіші II шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері II шығармашылық емтихан
45-50	Бағдарламаның орындалуы көркем және мәнерлі болу. Жақсы интонация, дыбыс шығару мәдениеті, техникалық техниканың мінсіз орындалуы. Орындалып жатқан шығармалардың стиліне сәйкес келетін нанымды интерпретация. Музыка теориясы және орындаушылық өнер тарихы туралы кең білімдерін көрсету.	45-50	Есеп - қатесіз және ескертусіз, гармонизациялау нұсқаларымен және сауатты орындалған; Энгармониялық қайтарымды модуляцияны сенімді ойнау және берілген тональдік жоспарға сай аккордтан тыс дыбыстарды қолдану; Диктант нақты, қатесіз жазылған; Әндету кезінде интонирлеу барысы таза және ырғақты тұрғыдан нақты; Музыка теориясы бойынша жоғары деңгейдегі жауап.
40-44	Бағдарлама жоғары кәсіби деңгейде, көркем және нанымды орындау. Аспапты орындаудың техникалық тәсілдерін, интонациясын, көркемдік интерпретациясын жақсы деңгейде меңгеру. Музыка теориясын және орындаушылық өнер тарихын жақсы білу.	40-44	Сауатты шешілген есеп (дұрыс тональді жоспар, аккордтық емес дыбыстарды қолдану). Энгармониялық қайтарумен модуляцияны ойнау және берілген тональдік жоспарға сай аккордтан тыс дыбыстарды қолдану; Диктант толық, бірақ кейбір қателіктермен жазылған; Әндету сенімсіз, бірақ интонирлеу барысы таза және ырғақты тұрғыдан нақты; Музыка теориясынан өте жақсы білім.
35-39	Орындалатын шығармалардың мәнеріне, интерпретация және сәйкестік жағынан жеткіліксіз, болмашы интонациялық және мәтіндік қателері бар. Орындау техникасы мен дыбыс сапасын жеткілікті сапада меңгеру. Музыка тарихы мен орындаушылық өнер туралы жеткілікті білімін көрсету.	35-39	Есепті сауатты тональді жоспармен және жалпы функционалдық логикада кейбір қателермен шешу; Өзінің тональдік жоспары бойынша аккордтан тыс дыбыстарды қолданбай, энгармониялық қайтарумен модуляцияны ойнау; Диктант толық, бірақ әуен мен ырғақта кейбір қателіктермен жазылған; Әндету жақсы, бірақ ырғақта қателер бар; Жақсы теориялық білім.

30-34	Бағдарламаның орындалуы анық емес, түсініксіз, техникалық қателері бар және орындаушының орындалатын музыкаға деген жеке қатынасы жоқ. Ысқыштың бөлуінің дұрыс ойланбай ойнау, интонация және техникалық қателері бар. Музыкалық өнердің теориясы мен орындаушылық тарихын жеткіліксіз білу.	30-34	Есепті дауыс жүргізу және тональдік жоспарда кейбір қателермен шешу; Дауыс жүргізудегі шамалы қателері бар модуляцияларды ойнау; Диктант толығымен жазылған, бірақ елеулі қателер жіберілді; Әндету интонациялық тұрғыдан таза емес, ырғақ жағынан нақты емес. Музыка теориясынан көбінесе дұрыс емес жауаптар.
25-29	Көптеген техникалық қателері бар, тұрақсыз және әсерсіз бағдарламаны орындау. Интонациялық және дыбыс шығару сапасындағы қателері. Музыкалық теория және орындаушылық өнер тарихы желісінде негізгі білімі жеткіліксіз.	25-29	Есепті дауыс жүргізу және тональдік жоспарда қателермен шешу; Дауыс жүргізудегі және нақты емес тональдік жоспарда қателермен модуляцияларды ойнау; Негізгі фрагменттер сақталғанымен, диктант көптеген қателермен жазылған. Әндету нақты емес, әрдайым түзетуді талап етеді. Музыка теориясы бойынша үзінді жауаптар.
20-24	Интерпретация болжамсыз және мәтіндік қателері көп, орындау техникасы мен дыбыс сапасын жеткілікті түрде меңгермеген. Ритмикалық және интонациялық тұрақсыздық. Музыкалық теория және орындаушылық өнер тарихы туралы негізгі білімі жеткіліксіз.	20-24	Есеп дауысты жүргізудегі өрескел қателермен және дұрыс емес тональдік жоспармен шешілді; Модуляция көптеген қателермен айналды; Негізгі фрагменттер сақталғанымен, диктант көптеген қателермен жазылған. Әндету нақты емес, әрдайым түзетуді талап етеді. Үстірт теориялық білім.
15-19	Мәтіндегі көптеген қателермен орындау. Орындалатын музыкалық шығарманың мазмұны мен стиліне сәйкес келмеу, техникалық құралдарды дұрыс болму. Төмен сапалы дыбыс шығару, интонациялық және ритмикалық қателерімен ойнау. Музыкалық теория мен орындаушылық өнер тарихы туралы қажетті білімнің болмауы.	15-19	Есеп толық шешілмеген; Модуляция нашар айналған, өрескел қателер бар, тональдік жоспар дұрыс емес; Диктант толық жазылмаған, қатесі көп; Әндету нақты емес; Теориялық білімі нашар.
10-14	Бағдарламаны стиль және техникалық жабдықталуы жағынан талаптарының сәйкес деңгейде орындамау.	10-14	Есеп толығымен шешілмеді, тональдік жоспар жоқ; Модуляция толығымен айналмады, қателер көп; Диктант толық жазылмаған; Әндету үзік-үзік, қателері бар;

	Музыкалық теория мен орындаушылық өнер тарихы туралы қажетті білімнің болмауы.		Теориялық материалды білмейді.
5-9	Бағдарламаның талаптарға сай емес болуы. Негізгі техникалық тапсырмаларды орындамау, кәсіби дағдыларына сай болмауы, ойын аппараты шектелі болуы. Музыкалық теориямен орындаушылық өнер тарихын білмеу.	5-9	Есеп аяғына дейін шешілмеген; Модуляция орындалмады; Диктант жазылмаған; Әндету түрлері бойынша орындалмады; Келесі емтиханға өтпейді.
0-4	Емтиханнан өтпейді	0-4	Есеп шешілмеді. Модуляция орындалмады; Диктант жазылмады; Әндету түрлері бойынша орындалмады; Емтиханнан өтпейді

**Байланыс ақпараты:**

Бірінші шығармашылық емтихан бойынша сұрақтар: [skripka@kaznui.kz](mailto:skripka@kaznui.kz)

Екінші шығармашылық емтихан бойынша сұрақтар: [alma82binara@mail.ru](mailto:alma82binara@mail.ru)

Оқуға түсу бойынша жалпы сұрақтар: [Kaznui.priem@gmail.com](mailto:Kaznui.priem@gmail.com)

**Факультет деканы:** Мамырбаев Ербол Нурбулатович 

**Кафедра меңгерушісі:** Тлеугабылова Гульнара Тасбатыровна 